

Қазақстан Республикасы экология және
табиғи ресурстар министрлігі

«Қазгидромет» РМК



2026 ж. «11-13» шілдеге арналған

**Қазақстан Республикасының таулы аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел
қауіптілігінің күнделікті бюллетені №47**

(бюллетеньнің қолданылу мерзімі: 2026 жылғы 10 шілде сағат 20:00-ден 13 шілде сағат 20:00-ге дейін)

құрастырылған күні: 10.07.2026 ж.

Мекен жайы: Алматы қ., Абай д., 32
Астана қ., Мәңгілік ел д., 11/1

Сел үдерістерін зерттеу және
селді болжау басқармасының
басшысы:

Яфязова Р.

тел.: 8(727) 267-53-38

e-mail: seli@meteo.kz

Кезекші синоптик:

Ботаева М.

тел.: 8(7172) 79-83-75

e-mail: ukpp@meteo.kz

2026 жылғы «11-13» шілдеге

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Қар жамылғысы 4000 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр. Нөлдік изотерма таңғы сағат 5-те 4530 м биіктікте болды. Орташа тәуліктік ауа температурасы 0,3 °С төмендеді, биік таулы аймағында – 0,4 °С. Орта таулы және биік таулы аймақтарында топырақ ылғалдануы жоғары. Кіші Алматы өзені «Тұйықсу» альпбазасы гидробекетінде арнаны тазарту жұмыстарының нәтижесінде өзен арнасының деформациялануына байланысты су деңгейінің едәуір көтерілуі байқалады. 11 шілдеде күндіз өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 12 шілдеде өткінші жаңбыр жаңбыр (1-10 мм), найзағай болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 13 шілдеде жаңбыр (1-14 мм), күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-20 мм), найзағай, бұршақ болады. Іле Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Кіші Алматы және Үлкен Алматы өзендері алаптары үшін, сел қалыптастырушы факторлардың критериялды мәндеріне жеткен кезде, дауылды ескерту берілетін болады. Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз.
	Күнгей Алатауы	Қар жамылғысы 4200 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр (29 маусым жағдайында). Орташа тәуліктік ауа температурасы 0,9 °С өсті. Өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай төмендеуі байқалмайды. 11 шілдеде күндіз өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 12 шілдеде өткінші жаңбыр жаңбыр (1-10 мм), найзағай болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 13 шілдеде жаңбыр (1-14 мм), күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-20 мм), найзағай, бұршақ болады. Күнгей Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
	Теріскей Алатау	Қар дақтары 4400 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр (29 маусым жағдайында). Орташа тәуліктік ауа температурасы 1,8 °С өсті. Өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай көтерілуі байқалмайды. 11 шілдеде күндіз өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 12 шілдеде өткінші жаңбыр жаңбыр (1-10 мм), найзағай болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 13 шілдеде жаңбыр (1-14 мм), күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-20 мм), найзағай, бұршақ болады. Теріскей Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
Жетісу	Жетісу Алатауы	Жетісу Алатауының батыс бөлігінде қар жамылғысы 3800 метрге жуық және одан жоғары биіктіктерде сақталуда, солтүстік бөлігінде – 3900 метрге жуық және одан жоғары, солтүстік-шығыс бөлігінде – 3800 метрге жуық және одан жоғары, ал оңтүстік бөлігінде –

		3900 метрге жуық және одан жоғары биіктіктерде сақталуда (29 маусым жағдайында). Жетісу Алатауының солтүстік-батыс бөлігінде орташа тәуліктік ауа температурасы 1,5 °C төмендеді; батыс бөлігінде 0,5 °C өсті. Өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай көтерілуі байқалмайды. 11 шілдеде күндіз өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 12, 13 шілдеде кей уақыттарда жаңбыр (1-7 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Жамбыл	Қырғыз Алатауы	Қар жамылғысы 3700 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр (29 маусым жағдайында). Орташа тәуліктік ауа температурасы 0,2 °C өсті. Өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай төмендеуі байқалмайды. 11 шілдеде күндіз кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 12 шілдеде өткінші жаңбыр жаңбыр (1-13 мм), найзағай болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 13 шілдеде жаңбыр (1-14 мм), күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-20 мм), найзағай, бұршақ болады. Қырғыз және Талас Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
	Талас Алатауы	
Түркістан	Талас Алатауы	Қар жамылғысы 3700 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр (29 маусым жағдайында). Орташа тәуліктік ауа температурасы 0,5 °C өсті. Өзендердегі су деңгейі өзгеріссіз. 11 шілдеде күндіз өткінші жаңбыр, найзағай (1-6 мм). Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 12, 13 шілдеде күндіз өткінші жаңбыр, найзағай (1-8 мм). Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Өгем жотасы	Қар жамылғысы 3400 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр (29 маусым жағдайында). Орташа тәуліктік ауа температурасы 0,5 °C өсті. Өзендердегі су деңгейі өзгеріссіз. 11 шілдеде жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 12, 13 шілдеде күндіз өткінші жаңбыр, найзағай (1-8 мм). Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Маңғыстау	Маңғыстау таулары	Орташа тәуліктік ауа температурасы 0,9 °C өсті. 11, 12, 13 шілдеде жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Абай	Тарбағатай	Қар дақтары 3000 м биіктік шамасында жатыр (29 маусым жағдайында). Орташа тәуліктік ауа температурасы 0,8 °C өсті. Өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай төмендеуі байқалмайды. 11, 12, 13 шілдеде жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Шығыс Қазақстан	Сауыр	Қар дақтары 3400 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр (29 маусым жағдайында). Орташа тәуліктік ауа температурасы 2,1 °C төмендеді. 11, 12, 13 шілдеде жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Қазақстандық Алтай	Қазақстандық Алтайдың солтүстік-батыс бөлігінде орташа тәуліктік ауа температурасы 3,4 °C өсті; оңтүстік-шығыс бөлігінде – 1,1 °C. Өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай төмендеуі байқалмайды. 11 шілдеде Кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-2 мм), найзағай, бұршақ. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ. 12, 13 шілдеде жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.

Бюллетеньді құрастыру кезінде «Қазгидромет» РМК бөлімшелерінің деректері мен ақпараттары, Жер туралы ғылымдар орталығы (GFZ) Потсдам, Германия ұсынған MODSNOW құралы пайдаланылады

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі (1 Қосымша)

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (2 Қосымша)

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 30 мм (өте қатты жаңбыр) немесе нақты жауған сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 40 мм	Халық пен шаруашылық нысандары үшін үлкен қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Халық пен шаруашылық объектілері үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының салыстырмалы түрде төмен мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Төмен таулы аймақта селдің пайда болу аймағында адамдар үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдарына және халыққа хабарлау.
	Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы.	Қауіптілік жоқ	Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу

Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

Тауларға бару және онда болу жоспарланғанда, ауа райының өзгерістерін және дауылды ескертулерді бақылау қажет. Сел қауіпі туындаған жағдайда, сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау керек. Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.

2026 жылғы «11» шілдеге
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы

Іле Алатау	Күндіз өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, күндіз екпіні 15-20 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 22-27 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 12-17 градус жылы.
Күнгей Алатау	Күндіз өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, күндіз екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 22-27 градус жылы.
Теріскей Алатау	Күндіз өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, күндіз екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 22-27 градус жылы.
Жетісу Алатау	Күндіз өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 25-30 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 1-6, күндіз 20-25 градус жылы.
Қырғыз Алатау	Күндіз кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай болады. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, күндіз 30-35 градус жылы.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Күндіз кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-3 мм), найзағай болады. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, күндіз 30-35 градус жылы.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	Күндіз өткінші жаңбыр, найзағай (1-6 мм). Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 21-26 градус жылы.
Өгем жотасы	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 8-13, күндіз екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 15-20, күндіз 28-33 градус жылы.
Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 23-28 жылы, күндіз 39-44 градус өте қатты ыстық.
Сауыр	Жауын-шашынсыз. Жел солтүстік-батыстан, солтүстіктен соғады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, кей жерлерде 8, күндіз 23-28, кей жерлерде 13-18 градус жылы.
Тарбағатай	Жауын-шашынсыз. Жел солтүстіктен, солтүстік-шығыстан соғады, күші 9-14, кей жерлерде екпіні 15-20, күндіз кей уақыттарда екпіні 23-28 м/с. Ауа температурасы түнде 15-20, күндіз 29-34 градус жылы, кей жерлерде 38 градус қатты ыстық.
Қазақстандық Алтай	Кей жерлерде өткінші жаңбыр (1-2 мм), найзағай, бұршақ. Жел солтүстік-батыстан, солтүстіктен соғады, күші 9-14, кей жерлерде екпіні 15-20, күндіз кей уақыттарда екпіні 23 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, кей жерлерде 10 градус жылы, күндіз 28-33, кей жерлерде 25 градус жылы.

* Ескерту: жауын-шашын мөлшерінің болжамы WRF, ECMWF, Ison сандық ауа райы болжамдарының есептеулері бойынша беріледі

2026 жылғы «12-13 шілдеге» арналған
ҚР таулы аумағы бойынша консультативтік болжам

Алматы: 12 шілде өткінші жаңбыр жаңбыр (1-10 мм), найзағай болады. 13 шілде жаңбыр (1-14 мм), күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-20 мм), найзағай, бұршақ болады Ауа температурасы түнде 9-14, күндіз 24-29 градус жылы.

Жетісу: кей уақыттарда жаңбыр (1-7 мм), найзағай. Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 25-30 градус жылы.

Жамбыл: 12 шілде өткінші жаңбыр жаңбыр (1-13 мм), найзағай болады. 13 шілде жаңбыр (1-14 мм), күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (15-20 мм), найзағай, бұршақ болады Ауа температурасы түнде 13-18, күндіз 30-35 градус жылы.

Түркістан: Күндіз өткінші жаңбыр, найзағай (1-8 мм). Ауа температурасы түнде 15-20, күндіз 28-33 градус жылы.

Маңғыстау: жауын-шашынсыз. Ауа температурасы түнде 22-27 градус жылы, күндіз 39-44 градус өте қатты ыстық.

Абай: жауын-шашынсыз. Ауа температурасы түнде 15-20, күндіз 29-34 градус жылы.

Шығыс Қазақстан: жауын-шашынсыз. Ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 25-30 градус жылы.